



\*БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

## САҚ ЖҮРСЕҢ, САУ БОЛАСЫҢ



ҚАЗІР ИММУНИТЕТТІҢ ӘЛСІРЕП, ЖҰҚПАЛЫ ИНФЕКЦИЯЛАРДЫҢ ӨРШІТІН КЕЗЕҢІ. ЕЛІМІЗДЕ АУДАНДА СОҢҒЫ УАҚЫТТА ТҮМАУМЕН АУЫРҒАНДАРДЫҢ САНЫ АРТҚАН. АУДАНДА ЖІТІ РЕСПИРАТОРЛЫҚ ВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯМЕН АУЫРҒАНДАРДЫҢ САНЫ 3 МҮНҒА ЖУЫҚ. ОНЫҢ ЖАРТЫСЫНАН АСТАМЫ – БАЛАЛАР.

(Жалғасы 6-бетте)

\*Жастар саясаты

## ҮЗДІК ЖОБАҒА – 1000000 ТЕҢГЕ



ОБЫСТЫҚ ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН, «ДЕНДЕР» ЖАСТАР ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ҰЙЫМАСТЫРУЫМЕН «ТАЛАПТАНІНДЕР» АТТЫ ЖОБА ЖҮРГІЗІЛУДЕ.

Ауданның ауылдық жерлерінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, өзекті мәселелерін шешуге бағытталған жергілікті қоғамдастық мүшелерінің, бастамашы топтардың, қоғамдастықтардың әлеуметтік жобаларын іске асыру үшін шағын гранттар бөлу байқауы өткен болатын.

Жастарға арналған гранттың ережесі мен өтінім формасы жасақталып, әлеуметтік желілерге таратылды. Өтінім беру бойынша барлық түсінік жұмыстары жүргізілді. Соның нәтижесінде 15 өтінім түсіп, түскен өтінімдерді қарауға комиссия құрылып, ZOOM платформасында комиссия отырысы өтті. Нәтижесінде, «Бағырлай» каналы үстінен өтіп жатқан көпірді қалыпқа келтіру жобасын ұсынған Елтай ауылы тұрғыны Әділ Зейнешов, терезелерге блок пен үйлерге газ дабыққақышын тегін орнату жобасын («Қауіпсіз үй – бақытты отбасы») ұсынған Индербор кенті тұрғыны Гүлназ Өмірзақова, кенттегі балалар ойын алаңдарын жөндеу жобасын ұсынған Индербор кенті тұрғыны Нұғыманов Қайрат Абайұлы жеңімпаз атанды.

Аталған жеңімпаздарға 1 000 000 теңге көлемінде грант табысталды.

А.СИДІКБАЙЕВ,

«Дендер» жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы

\*Сәлемхат

## «ДЕНДЕР» – ӨМІР БОЙҒЫ СЕРІГІМ!



...Алдымыздағы Қойшығұл Жықышиев, Жолдыбай Бақытов, Әнуар Нәбиев, Ибраим Жакиев сияқты ақын ағаларымызды «Дендерден» оқып, өлең деген тысым әлемге елең еткеніміз ақиқат. Одан кейін бесінші сынып оқып жүргенімізде алғашқы өлеңім осы «Дендерге» жарияланған. Тағы бірер жылдан соң мақалаларым жариялана бастады. «Жас тілші» атандық «Дендер» сөйтіп тәрбиеледі, қанаттандырды. Студент кезімізде тағы да сол дағдымызбен өлеңдерімізді Алматыда жүріп көкала конвертпен «Дендерге» жолдап тұрдық. Сол гадеттен айырылған кез болған емес. Әлі күн жазған дүниемді алдымен «Дендеріме» жолдаймын. Бүгінгінің шаруасы оңай. Конверт іздеп әуре болмайсың. Компьютер

аман болсын.

Екінші айтарым, өз жолында «Дендер» газеті бүгінгі таңда жаңа бір белеске көтерілді. Жаңа деңгейде жарқырап шығады! Тақырыптары, айдарлары, көтеретін мәселелері, безендірілуі, бәрі-бәрі ойдағыдай, талапқа сай. Оқырман талғамынан шығып келеді. Қазір көптеген көне басылымдардың өзі талғам таразысын тарта алмай, тәліртекпен қалы. Сондай кезеңде «Дендер» оқырман іздеген барлық тақырыптарды қамтып, ел, өмір дамуының өзекті мәселелерін екішеп, кең адымдап, алқынбай алға басып келеді. Бұл газет басшысының, ұжымның үлкен ізденісі мен еңбегінің арқасы екені даусыз.

Әр нөмірін компьютерден оқып, ауданның барлық жаңалықтарын танып-

біліп отырамын.

Түлеп ұшқан газетіміздің осындай қалыпта, жақсы тиражбен тарлап, ел-жұрттың ықыласына бөленіп келе жатқанын мақтан тұтамын. Осы бағыттан, осы жолдан айырмасын. Ардақты оқырман, тарихын тереннен тартқан төл газетімізге жазылып, демеу, қолдап отыруды ұмытпаңыздар. Газет талғамды оқырманымен көркейеді. Сыралғы достарыңыздан көлүзбеніздер.

«Дендерге» сарқылмас шабыт тілеймін!

Серік ЖЕТПІСКАЛИЕВ,

Қазақстан

Журналистер одағының және

Жазушылар одағының мүшесі,

Көкшетау қаласы

Баспасөз-2026

## ТӨЛ ГАЗЕТИҢІЗ ТӨРІҢІЗДЕН ТАБЫЛСЫН!

ҚАДІРМЕНДІ ОҚЫРМАН!

2026 жылға аудан айнасы «Дендер» газетіне жазылу жүріп жатыр

Редакция арқылы балама жазылу (жеке адам)

6 ай

Мекемеге

3400 т

Жеке адамға

1700 т

Ескерту: балама жазылғандар газетті редакциядан келіп алады.

Байланыс телефоны: 2-11-42

Индекс: 65578

\*Жетістік

## БОЛАШАҚ ТАРИХШЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕНГЕЙДЕ ӨТКЕН «МЕНИҢ ШАҒЫН ОТАНЫМ» АТТЫ ЗИЯТКЕРЛІК БАЙҚАУДА «МЕНИҢ ӨЛКЕМНІҢ ТАРИХЫ МЕН МҮРАСЫ» БАҒЫТЫ БОЙЫНША М.СИРАНОВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕПТІҢ 9-СЫНЫП ОҚУШЫСЫ БАНУ АСЫЛБЕКҚЫЗЫ ІІІ ОРЫНДЫ ИЕЛЕНІП, АУДАН, ОБАЛЫС АБЫРОЙЫН АСКАҚАТТАТТЫ.

Тарихқа деген құштарлық пен туған жерге деген сүйіспеншілігін жанына серіктен Бану байқаудың алғашқы кезеңінде тестілеуден өтіп, Қазақстан тарихынан білімін дәлелдеп, екінші кезеңде Елтай ауылының тереннен сыр тартатын шежіресі мен өзіндік ерекшелігін көркем әрі жүйелі түрде таныстырып, қазылар алқасының ерекше ықыласына бөленді.

– Бұл жеңіс – тек менің ғана емес, мені білім мен ғылымға баулыған ұстазым, тарих пәнінің мұғалімі Жәния Жақауқызының тынымсыз еңбегінің жемісі. Ұстазымның қолдауынсыз бұл белесті бағындыру мүмкін болмас еді, – дейді ол бізбен әңгімесінде.

Байқау қорытындысы бойынша Бануға ҚР оқу-ағарту вице-министрі Майра Мелдәбекованың қолы қойылған арнайы диплом мен естелік сыйлық табысталды.

Айта кетейік, ол осыған дейін «Зерде» зерттеу жобалары конкурсының республикалық кезеңінің жеңімпазы танылса, бытырғы оқу жылында «QANAT»



қоғамдық қоры ұйымдастыратын олимпиаданың финалісі танылып, Алматы қаласында шешуші кезеңге қатысты. Бүгінде қор жеңілдіктерін пайдаланып, түрлі курстарға қатысып жүр.

Ж.НАРИМАНОВА

\*Олимпиада

## БІЛІМДІГЕ ЖОЛ АШЫҚ

АСТАНА ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-МАТЕМАТИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАСЫНДА ИНДЕРЛІК ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАР ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕ КӨРСЕТТІ.



Атап айтсақ, Махамбет атындағы орта мектептің оқушысы Назым Талғатқызы математика пәні бойынша ІІІ орынға /суретте/ содан оңға қарай екінші /пән мұғалімі Жаннат Рысбаева/, информатика пәнінен Ш.Уәлиханов атындағы орта мектептің оқушысы Аліхан Сейітхан «Ерекше жетістігі үшін» грамотасымен (пән мұғалімі Әсем Темірболатова) марапатталды.

Марапаттау рәсіміне қатысқан Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министрі Майра Мелдәбекова дарынды балаларды қолдау мемлекеттік білім саясатының басты басымдықтарының бірі екенін атап өтті.

– Біз ауыл олимпиадасына Атырау облысынан 28 оқушы, оның ішінде Индер ауданынан екі оқушы қатысқан болатынбыз. 17-21 қараша аралығында бізді «Дарын» орталығы олимпиадаға дайындады, Білім-инновация лицейінің және

жоғары білімді мұғалімдерден дәріс алып, олимпиадаға жақсы дайындықпен бардық. Біздің жетістікке жетуімізге көмектескен ұстаздарға алғысымыз шексіз. Астанадағы бес күніміз де ерекше өтті. Әрине, басқа олимпиадалар секілі бұл да өте қиын болды. Соған қарамастан мен бар күшімді салып, тапсырманы орындап шықтым. Марапаттау кезінде өз атымыз естіген сәтте қатты қуандым.

Біз олимпиаданы бөлек «Дарын» орталығының ұйымдастыруымен театрға бардық, университеттерді таныстыру көрмесіне қатыстық. Осы жетістікке жетуіме себепші болған ұстазым мен ата-анама алғысым шексіз, – дейді Назым Талғатқызы.

Айта кетейік, қорытынды кезеңге еліміздің өңірлерінен 475 оқушы қатысып, олардың 200-і жеңімпаз және жүлдегер атанды.

Жалыра НАРИМАНҚЫЗЫ

\*Спорт

## ЧЕМПИОН АТАНДЫ



МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОБЫСТЫҚ ХІІ ЖАЗҒЫ ГИМНАЗИАДАСЫНДА ГАНДБОЛДАН «ИНДЕР» ҚҰРАМА КОМАНДАСЫ ЧЕМПИОН АТАНДЫ.

М.Әуезов атындағы орта мектептің 9-11 сынып оқушыларынан құралған команда құрамында Арсен Марат, Әбілмансұр Салауат, Айқын Есіркен, Ерлік Тұқплат, Родион Гратий, Бауырбек Ғазизов, Қайырлы Канат, Нұрсұлтан Болатов, Бергей Алексеев және М.Сиранов атындағы орта мектептен Бекзат Тоқтасын мен Батыржан Ғалымжан бар.

Осы тұста жас спортшыларды ойында дайындаған жетекшілері Т.Қадіров пен С.Қобалағанның да еңбегін айта кеткен жөн.

Бытыр Талдықорған қаласында өткен республикалық ұлттық мектеп лигасында 5 орын алған команда биылғы оқу жылында қараша айында өткен екі бірдей жарыста чемпион атанып, республикалық жарысқа жолдама алып отыр.

– Бұл оқушыларды 7 сыныптан бері гандболға дайындап келемін. Түрлі әдістерді іздеп, жаттығуларда оқушыларға орындаймын. Екі жыл қатарынан облыстан чемпион атанып отыр. Енді алағы республикалық гимназида мен ұлттық мектеп лигасына дайындаудамыз. Оқушыларым да жаттығуға әбден төселген. Республиканың жүлделі болуға үміттіміз, – дейді жетекшісі Тұрғалы Қадіров.

Жас спортшыларға сәттілік тілеймін.

Ж.НАРИМАНОВА